

Коктем Акарысович Еримбетовтың 6D072900 - «Құрылымдық мамандығы PhD философия докторы дәрежесін алу үшін «Жол құрылымында асфальтты - парафинді шайыр қалдықтары және жылу электр орталығының күлдері негізінде асфальттыбетонды пайдалану» дайындаған диссертациясына ғылыми көңесшінің

ШІКІРІ

Қазіргі кезде құрылым индустриясының басым бағыттарының бірі құрылым материалдары саласында техногенді қалдықтарды екіншілік қолдану мен жергілікті арзан шикізат ресурстарын кеңінен пайдалану болып табылады. Сондықтан қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін қалдықсыз және аз қалдықты технологиялық әдістерін енгізу өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Осы түрғыдан алғанда диссиденттың жасаған зерттеулері асфальттыбетонның құрамындағы байланыстырылышқа асфальтты - парафинді шайыр қалдықтары және жылу электр орталығының күлдерін қосып қолдануға бағытталған.

Еримбетов Коктемнің ұсынылып отырған диссертациялық жұмысында теориялық және эксперименттік зерттеулердің нәтижелері көлтірілген. Осының арқасында асфальтты-парафинді шайырлы қалдықтарды асфальттыбетон өндірісінде пайдалану жағадайымен кең ауқымды мамандарға танысуға мүмкіндік береді.

Жұмыста қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін диссиденттің Қызылорда облысының мұнай кен орындарындағы асфальт-парафинді шайырлы мұнай қалдықтары мен жылу электр орталығының күлдерінің физикалық-химиялық қасиеттерін анықтау бойынша зерттеулер орындалды. Сонымен бірге қымбат тауарлы битумның бір бөлігін мұнай қалдығымен жылу электр орталығының күлдерін ауыстыру үшін асфальттыбетон араласпасының құрамын жобалау бойынша сараланған есептеулері жүргізілді.

Диссертацияны орындау кезеңінде эксперименттік зерттеулердің келесідей нәтижелеріне қол жеткізілді:

- Экспериментті математикалық жоспарлау әдісімен асфальттыбетонға арналған битумға асфальтты-шайырлы парафинді мұнай қалдықтары және жылу электр орталығының күлдері (ЖЭО) қосылған кешенді байланыстырылыштың онтайлы құрамы анықталды.
- Асфальттыбетонның онтайлы құрамының негізгі физика-химиялық және реологиялық қасиеттері зерттелді және негізгі қасиеттері бойынша мемлекеттік стандарт талабына сай екендігі анықталды.
- Асфальтты-парафинді шайыр қалдықтары және ЖЭО күлдері негізінде асфальттыбетон технологиясы және оны жол құрылымында қолдану параметрлері анықталды.
- Асфальттыбетонның ұсынылған технологиясын өндіріске ендірген жағдайда қол жеткізетін экологиялық және экономикалық тиімділігі есептелінді. Нәтижесінде қымбат тұратын тауарлы битумды асфальтты-

шайырлы парафинді мұнай қалдығы және ЖЭО күлдерімен алмастыру 1 км жол жамылғысына есептегенде 1,7 млн.тг үнемдеуге мүмкіндік беретіндігі анықталды.

Зерттеу жұмысының жоспары тақырыпты толық ашуға мүмкіндік беретін деңгейде сапалы орындалған.

Жұмысты орындау барысында автор өз бетінше ғылыми, нормативтік әдебиеттермен жұмыс жасауды, зертханалық эксперименттерді орындау әдістерін меңгергендігін көрсетті. Докторлық диссертацияның негізгі бөлімдерінің, нәтижелерінің, қорытындылары мен шешімдерінің жариялану толықтығы қойылатын талаптарға сәйкес келеді

Диссертациядағы ғылыми тұжырымдардың, жұмыс нәтижелері мен қорытындыларының шынайылығы іргелі зерттеулер әдістерін қолдану, әдістемелік негізде заманауи өлшеу құралдарын, физика-химиялық әдістер мен экспериментті жоспарлау әдістерін пайдаланумен расталған.

К.А.Еримбетов эксперименттік зерттеу процесіне шығармашылық көзben қарауды менгерді, әрі қарай жұмыс барысында алған дағдыларын тиімді қолдана алады деп есептеймін.

Коктем Акарысович Еримбетовтың 6D072900 - «Құрылыш» мамандығы PhD философия докторы дәрежесін алу үшін орындаған диссертация теориялық және эксперименттік нәтижелер берілген, мамандық бойынша мәселеге сәйкес өз бетінше орындалған жұмыс. Жұмыс мамандық профиліне сәйкестігі, қазіргі заманғы ғылым мен техника жетістіктеріне сүйенуі, ақпараттық технологияларды пайдалануы, эксперименттік зерттеулерді орындау нәтижелері бойынша PhD ала үшін диссертациялық жұмысына қойылатын талаптарға сай келеді, ал оның авторы К.А.Еримбетов философия докторы PhD дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші: Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің профессоры,
техника ғылымдарының докторы

С.С.Удербаев

